



Figure 5 (Bulatkulova, 2023) [3]



Figure 6 (Bulatkulova, 2023) [3]

Қорытындылай келе, жасанды интеллект пен журналистика арасындағы симбиотикалық қарым-қатынас мүмкіндіктер мен түйіткілдердің динамикалық көрінісін ұсынады. ЖИ журналистиканың белгілі аспектілерін арттыруда керемет әлеуетті көрсетіп қана қоймай, әртүрлі жанрлардағы эмпатиялық және көп қырлы шығармашылық мүмкіндіктерді толыққанды жеткізе алмайтыны айқын. Сондықтан жасанды интеллектіні журналистикада ақпараттарды жинақтау, талдау және фото видеоларды дыбыстарды өңдеу өнімдердің визуалды сапасын арттыруға көмекші құрал ретінде тиімді пайдалануға болады, бірақ ол адам бойында бар ерекше қасиет эмоциялық сезімдері жеткізе алмайтының түсінуіміз қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. BEMphoto. (2023). Bomb explosion in an Arab city, attach by a neighboring country on the territory, eastern war – image created by AI. Adobe Stock. <https://stock.adobe.com/pl/images/bomb-explosion-in-palestine-israeli-attack-on-gaza-eastern-war-ai-generated-image/668155111>
2. Brand, A. (2022). Will AI kill the art and business of photography? Medium. <https://medium.com/mlearning-ai/the-future-of-photography-in-the-age-of-ai-356889f2f63a>
3. Bulatkulova, S. (2023). Kazakh Designer Conducts Experiments with AI in Arts. The Astana Times. <https://astanatimes.com/2023/01/kazakh-designer-conducts-experiments-with-ai-in-arts/>
4. Damen, A. (2023). How AI is transforming the way we edit and enhance photos. PhotoRoom. <https://www.photoroom.com/blog/ai-in-photo-editing>
5. Eisele, I. (2023). Fact check: AI fakes in Israel's war against Hamas. <https://www.dw.com/en/fact-check-ai-fakes-in-israels-war-against-hamas/a-67367744>
6. Knaub, K. (2023). Art vs artificial intelligence: how authors can survive in the Midjourney era. Forbes. <https://www.forbes.ru/mneniya/498360-iskusstvo-vs-iskusstvennyj-intellekt-kak-avtoram-vyzit-v-epohu-midjourney>
7. Rocha, A., Adeli, H., Reis, L.P., Constanzo, S. (2019). “New Knowledge in Information Systems and Technologies”. Springer.
8. Wright, T. (2003). The Photography Handbook. Taylor & Francis e-library.

ӘОЖ 070.1

ДЕРЕКТЕР ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ ӨРКЕНДЕУІ

Боранбаева Аруза Ерболқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

Аңдатпа: Деректер журналистикасының даму кезеңдері қарастырылады. Сонымен қатар деректер журналистикасының ең үздік мысалдары көрсетілген. Басты назарда - деректер журналистикасының пайдасы мен жазылу формасы. Деректер журналистикасының артықшылықтары мен кемшіліктері де бар. Бірақ болашақ үшін оның артықшылықтары көбірек және нағыз журналистиканың дамуына өз септігін тигізетіні сөзсіз. Сандардан деректерді көру арқылы толық ақпарат жеткізуге болады. Құрғақ мәліметті толық ақпаратқа тарату үшін нақты әдістер мен тәсілдерді және нақты құрылғыларды қолдану қажет.

Кілт сөздер: деректер, журналистика, сандар, дәлдік, ақпарат, жоба.

Аннотация: Рассматриваются этапы развития журналистики данных. Также представлены лучшие примеры журналистики данных. В центре внимания - преимущества журналистики данных и форма подписки. Журналистика данных также имеет свои преимущества и недостатки. Но для будущего у него больше преимуществ, и он, несомненно, будет способствовать развитию настоящей журналистики. Вы можете предоставить подробную информацию, просмотрев данные из чисел. Для распространения сухих данных в полную информацию необходимо применять конкретные методы и схемы и конкретные устройства.

Ключевые слова: данные, журналистика, цифры, точность, информация, проект.

Abstract: The stages of the development of data journalism are considered. The best examples of data journalism are also presented. The focus is on the benefits of data journalism and the subscription form. Data journalism also has its advantages and disadvantages. But it has more advantages for the future, and it will undoubtedly contribute to the development of real journalism. You can provide detailed information by looking at the data from the numbers. To disseminate dry data into complete information, specific methods and schemes and specific devices must be applied.


Keywords: data, journalism, figures, accuracy, information, project.

Деректер журналистикасы – журналистикаға жаңа леп берді. Статистикалық мәліметтің арқасында сандар сөйлеп, құрғақ ақпарат шынайы ақпаратқа айналды. Бұл сала зерттеу журналистикасынан бастау алады. “Investigate” деген ағылшын сөзі оған дәлел. Яғни зерттеу журналистикасы анализ жасау болса, дата журналисттің негізгі мақсаты: сандардан мән көру, сол мәннен мәтін көру. Әрбір үлкен мәліметті визуалды жеткізіп, кішкентай бөліктерге бөлшектеп, жаңалық жеткізу. Тәуелсіз журналист Дэвид Эндертон айтып кеткендей, ол керек және керек емес мәліметті ажыратып, статистиканы ғана емес, сонымен қатар күрделі заманауи әлемнің негізгі мәнін табуға мүмкіндік беретін сала. Деректер журналистикасы шамамен 2000 жылдары пайда болды, жаңа технологияның дамуы журналистерге жаңа мүмкіндік берді [1].

Әлемдік деңгейде деректер журналистиканың бастауы BBC News бастау алған. Ата-ана үшін ең маңыздысы – баласының жақсы мектепте білім алуы. Соған байланысты мектептердің рейтингін 1999 жылы шығарған. Почта индексі арқылы әртүрлі сипаттама үшін жобаны жарыққа шығарған. Қарапайым журналистердің өзі де бұл деректер мен мәліметтерді арнайы сюжет немесе репортаж үшін қолданады [1]


Экономика, қарттар үйі, балалар үйі, мектептер деген сияқты қоғам үшін маңызы бар статистиканы журналистер жобаға айналдырған. Сондықтан бұл салаға сұраныс бар болғандықтан, сәйкесінше ұсыныс та туындайды. Әлемдік басылым “The New York Times” экономикалық жағдайға негіздеп жоба дайындаған. Бұл тақырып өзі сандарға байланысты болғандықтан, бұдан да көп санмен жұмыс істеу аса төзімділік пен мұқият болуды талап етеді[1]

Кесте-1. Деректер журналистикасын үздік жазу кезеңдері [4]



Сондай-ақ «Sigma awards 2021» ең үздік деректер жобасын ұсынды. Нәтижесінде Қырғызстанның Клоор атты сайтында «Фемицид» тақырыбына жарияланған жоба үздік болып шықты [4]. Жобаны саралай келе, деректер журналистикасын үздік жазудың негізгі кезеңдері: Заңды мекемеден нақты мәлімет сұрау, ғаламтор желісіндегі ақпараттарды саралау, мұқият әрі шапшаң болып, компьютер тілін жетік меңгеру.

Кесте-2. Деректер журналистикасындағы ақпараттың бірнеше түрі [3]



Бұл кезеңдерден деректер журналистикасының негізі – ақпарат екенін түсінуге болады. Ақпараттың да бірнеше түрі болады. Олар: ашық, жабық, жүйеленген және жүйеленбеген[3]. Ашық ақпарат түрлеріне egov.kz, adilet.zan.kz сайттарын, жабық ақпарат түрлеріне заң жүзінде рұқсат етілмеген ақпараттарды жатқыза аламыз. Ал жүйеленген ақпарат көзі бір жүйеге келтірілген, нақты тізбек бойынша берілетін ақпарат. Жүйесіз ақпаратқа журналист өзі ретке келтіруі қажет ақпарат.

Деректер журналистикасының да бірнеше артықшылықтары бар. Журналист үшін де, оқырман үшін де. Мәселен:

🚩 Ақпарат дәлдігі: журналистер үшін белгілі бір сюжет немесе репортаж үшін ақпарат тізбегін жасап, оның дәлдігіне көз жеткізуге мүмкіндік береді.

✚ Ақпараттың ашық болуы: оқырманнан мәліметті жасырмай, оларға өздігінен үкім шығаруға мүмкіндік береді. Яғни журналист ашық түрде белгілі бір жоба төңірегінде барлық мәліметтерді беру арқылы оқырманға сенімділік білдіреді.

✚ Тиімді есеп беру. Журналист қызмет ететін мекемеде есеп беруді деректер журналистикасының көмегімен ұйымдастыруға болады. Яғни ақпараттарды бірнеше жерден алмай, бір жүйеден алып, есепті тез әрі жылдам беруге болады.

Артықшылығымен қоса қиыншылықтары да жүреді. Оларға:

✚ Деректер сапасы: кейбір деректер ескі болуы мүмкін, сондықтан жаңа мәлімет пен ескі мәліметтерді ажырата алу маңызды.

✚ Деректердің құпиялылығы: кейбір мәліметтер құпия сақталып қалуы тиіс, ол кезде ақпараттарды бір-бірімен байланыстыру өте маңызды. Яғни ақпарат құпия болып сақталса да, негізгі ақпарат түсінікті болуы тиіс.

✚ Техникалық дағдылар: деректер журналистикасының үздігі болу үшін Python, R, SQL деген сияқты бағдарламаларды жетік меңгеру керек. Себебі бұл программалар – басты құрал. Ал бұл құрылғылармен жұмыс істеу арнайы дағды мен төзімді талап етеді.

✚ Ұзақ уақыт жұмыс: 1 жобаға жарты жыл немесе одан да көп жылдар, айлар кетеді. Сондықтан төзімді әрі сабырлы болу керек. Әдетте ұзақ уақыт дайындалған жоба өзінің жақсы нәтижесін береді. Сондай жобалардың бірі Қазақстанда шыққан жоба: «Қанды қаңтар құрбандары» [2]. Бұл жоба Азаттық радиосының жобасы. Қаңтар оқиғасының салдарынан қайтыс болған адамдардың жынысы бойынша, жасы бойынша, аймағы бойынша, істің қаралуы бойынша арнайы мәліметтер берілген. Өртүрлі классификацияға сәйкес жасалған жоба авторы – Дархан Әмірбек. Жасалған мерзімі: жарты жыл[2].

Кесте-3. Деректер журналистикасын дамытудағы ұсыныс



Деректер журналистикасын әр бағыт бойынша дамытуға болады. Бірақ басты фактор – ақпарат және оны құраушы адамдар. Ақпаратты әртүрлі бағдарламаға салып, жүйеленген ақпарат көзін алу үшін база құруға болады, оны жеткізу үшін визуализациялау үшін арнайы мультимедиялық құрылғыларды ойлап табуға болады. Болашақ журналистер үшін арнайы ұйым ашып, семинар ұйымдастыруға болса, дайын журналистер үшін ынталандыратын конкурстар жасап, сыйлықтар беруге болады.

Қорытындылай келсем, деректер журналистикасы – дұрыс әрі нақты ақпарат жолындағы ең негізгі қадам, алғышарт. Жалған мен ақиқатты анықтау жолында, тереңірек ақпаратқа үңілу жолында қызмет ететін журналистиканың негізгі түрі. Деректі журналист қай уақыт көкжиегінде болмасын, ақпаратты сапалы жеткізеді. Бұл саланың көмегімен журналистиканың жаңа шыңына жетіп, әлемді барлық саладан ақпараттандыруға болады.

Алдымен журналист болуға емес, ақпаратты дұрыстап саралап, бәрін қорытуға машықтану қажет. Тек сонда өз ісіміздің шебері бола аламыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Way Back Machine журналының архиві: <https://web.archive.org/web/20180607161601/> 2012ж. АҚШ (14.01.2024)
2. “Qazaq Forum” арнасындағы “Деректер журналистикасы деген не?” бейнебаяны: https://youtu.be/VPimmV_MsA4?si=qrbDFMuMрOHиW-5y2023 ж. Астана (02.02.2024)
3. MediaNet кітабы – «Дата журналистика» мақаласы 2017ж. Алматы (28.01.2024)
4. Kloop арнасындағы «Фемисид» жобасы: <https://kloop.kg/blog/2020/12/17/ya-by-ee-vse-ravno-ubil-issledovanie-kloopa-o-femitside-v-kyrgyzstane/> 2020 ж. Қырғызстан (10.02.2024)

НОВЫЕ МЕДИА ДЛЯ РАЗВИТИЯ ЧАСТНОГО ТУРАГЕНТСТВА В ЭПОХУ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Бектемирова Сара Алпамысовна

sara.bektemirova@gmail.com

магистрант (научно-педагогическое направление) 1 курса

М068 «Связь с общественностью»

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Тахан С.Ш.

В наше время, когда цифровые технологии проникают во все сферы нашей жизни, туристская индустрия не остается в стороне. Во-первых, традиционные методы продвижения, такие как реклама в газетах и журналах, становятся все менее эффективными. Во-вторых, все больше путешественников бронируют свои поездки напрямую через онлайн-платформы, минуя турагентства. В-третьих, усиливается конкуренция со стороны крупных туроператоров, которые располагают большими маркетинговыми бюджетами и могут предложить более низкие цены.

Сегодняшняя индустрия туризма переживает быстрое развитие, поддерживаемое современными технологиями и растущим интересом к путешествиям со стороны потребителей.

Продукт в туризме, в отличие от физических товаров, нельзя потрогать перед покупкой. Поэтому поиск, подбор и сравнение турпродуктов осуществляется преимущественно через Интернет. Главный инструмент продаж в туризме – доверие, а прямой рекламе люди доверяют мало. Заслужить лояльность туристов и создать хорошую репутацию в наши дни можно в основном в Интернете. Перед покупкой люди все чаще используют Интернет, чтобы понять: что за компания предлагает товар, сколько лет компания на рынке, насколько компания серьезна.

Лидирующие позиции в качестве носителя рекламной информации сегодня занимают сеть Интернет, обеспечивающая туроператору оперативную связь не только с агентами, но и с потенциальными туристами. Сегодня работа в сети Интернет перестала быть символом «продвинутой» оператора, превратилась в необходимость.

Реклама в сети Интернет отличается следующими преимуществами:

- низкая стоимость;